

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША КЕЛІСІМ

Келісім.

ЗҚАИ ескертпесі!

Келісім Қазақстан Республикасы 12.10.2015 ж. № 356 "1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Заңының қабылдануына байланысты орналастырылды.

Мүшелер,

Пунта-дель-Эсте Декларациясында тұжырымдалған келіссөздердің мақсаттарына сәйкес ауыл шаруашылығы саласында сауда реформасы үдерісін бастау үшін негіз қалау шешімін қабылдап;

Ұзақ мерзімді мақсат, Уругвай кезеңінің Аралық шолуында келісілгендей, "ауыл шаруашылығы саласында әділ және нарыққа бағдарланған сауда жүйесін орнату және реформа үрдісіне қолдау және қорғау саласындағы міндеттемелер бойынша келіссөздер жолымен, сондай-ақ іс жүзінде қолдану тұрғысынан аса қатаң және тиімді ГАТТ нормалары мен ережелерін белгілеу жолымен бастамашылық ету қажеттігі болып табылатынын ескертіп;

"жоғарыда аталған мақсат келісілген уақыт кезеңі ішінде көрсетіліп тұрған аграрлық секторда қолдау мен қорғаудың едәуір біртіндеп қысқаруын қамтамасыз етуден тұрады, ал бұл әлемдік ауыл шаруашылығы нарықтарында шектеулер мен қателердің түзетілуі мен алдын алуға әкелетінін" одан әрі ескертіп.

Нарыққа қол жеткізу, ішкі қолдау, экспорттық бәсекелестік сияқты салалардың әрбіреуінде ерекше міндеттемелердің байланысына қол жеткізуге және санитариялық пен фитосанитариялық мәселелер жөнінде келісімге жеткізу орындалады деген ниетпен ;

Нарыққа қол жеткізу жөнінде өзінің міндеттемелерін орындаған кезде дамыған мүше мемлекеттер олар үшін ерекше мүдделі болатын, соның ішінде Аралық шолуда келісілгендей, тропикалық ауыл шаруашылық тауарлары және заңсыз есірткі дақылдарын өсіруді ауыстыратын өндірісті әртараптандыру үшін ерекше маңызы бар ең жоғары ырықтандыру ауыл шаруашылығының өнімдері үшін қол жеткізу мүмкіндіктері мен жағдайларын елеулі жақсартуды қамтамасыз етіп, дамушы мүше мемлекеттердің ерекше мұқтаждықтары мен жағдайларын толығымен есепке алатынына келісіп.

Бейсаудалық сипатындағы, соның ішінде өнім қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау қажеттілігі мәселелерімен мазасызданғанын ескере отырып, реформа

бағдарламасы бойынша міндеттемелер барлық мүшелер арасында әділ бөліну керектігін белгілеп; арнаулы және сараланған тәртіптеме дамушы елдер үшін келіссөздердің ажырамайтын бөлігі болып табылатынын ескере отырып және өнімнің нетто-импорттаушылары болып табылатын неғұрлым төмен дамыған елдер мен дамушы елдерге реформалау бағдарламасын жүзеге асыруынан болатын жағымсыз әсерін ескеріп;

Осымен төмендегі туралы келіседі:

I БӨЛІМ

1-БАП

Терминдердің анықтамасы

Осы Келісімде, егер де басқаша айтылмаса:

(a) "Біріктірілген қолдау көрсеткіші (БҚК)" және "БҚК" негізгі ауыл шаруашылық өнім өндірушілері үшін арналған қандай да бір ауыл шаруашылық өніміне қатысты ақшаға шағылған қолдаудың немесе нақты өнімге байланысты емес және жалпы ауыл шаруашылық өндірушілеріне арналған қолдаудың жылдық көлемін білдіреді, оларға осы Келісімнің 2-қосымшасына сәйкес қысқарту бойынша міндеттемелерден алып тастау сияқты қарастырылатын бағдарламалар негізінде көрсетілетін қолдаулар жатпайды, олар:

(i) мүше Тізімінің IV бөліміне сілтеме жолымен енгізілген тиісті анықтамалық материалдар кестесінде көрсетілген базалық кезең ішінде көрсетілген қолдауға; және

(ii) осы Келісімнің 3-қосымшасының ережелеріне сәйкес есептелген және мүше Тізімінің IV бөліміне сілтеме жолымен енгізілген тиісті анықтамалық материалдар кестесінде пайдаланылған қосылатын мәліметтер мен әдістерді ескере отырып, жүзеге асыру кезеңінің кез келген жылы ішінде және ол өткен соң көрсетілген қолдауға қатысты;

(b) "негізгі ауыл шаруашылық өнімі" ішкі қолдау бойынша міндеттемелерге қатысты мүше Тізімінде және тиісті анықтамалық материалдарда көрсетілгендей, бірінші сатылым тармағына іс жүзінде көбірек қол жетімді деңгейде жақындатылған өнім сияқты анықталады;

(c) "бюджеттік шығындарға" немесе "шығындарға" алынбаған табыс сомалары кіреді;

(d) "Қолдаудың баламалы көрсеткіші" "БҚК" әдісі бойынша оның есебі іс жүзінде қолдануға жатпайтын бір не одан да көп шараларды қолдану жолымен негізгі ауыл шаруашылық өндірушілеріне көрсетілетін ақшалай шағылған қолдаудың жылдық көлемін білдіреді, оларға осы Келісімнің 2-қосымшасына сәйкес қысқарту бойынша міндеттемелерден алып тастау сияқты қарастырылатын бағдарламалар негізінде көрсетілетін қолдаулар жатпайды, олар:

(i) мүше Тізімінің IV бөліміне сілтеме жолымен енгізілген тиісті анықтамалық материалдар кестесінде көрсетілген базалық кезең ішінде көрсетілген қолдауға; және

(ii) осы Келісімнің 4-қосымшасының ережелеріне сәйкес есептелген және мүше Тізімінің IV бөліміне сілтеме жолымен енгізілген тиісті анықтамалық материалдар кестесінде пайдаланылған қосылатын мәліметтер мен әдістерді ескере отырып, жүзеге асыру кезеңінің кез келген жылы ішінде және ол өткен соң көрсетілген қолдауға қатысты;

(e) "экспорттық субсидиялар" экспортты жүзеге асыру жағдайында берілетін субсидияларға қатысты, соның ішінде осы Келісімнің 9 бабында аталып кеткен экспорттық субсидиялар;

(f) "жүзеге асыру кезеңі" 1995 жылдан басталатын алты жылдық кезеңді білдіреді, 13-бапты қоспағанда, оның мақсаттары үшін ол 1995 жылдан басталатын тоғыз жылдық кезеңді білдіреді;

(g) "нарыққа қол жеткізу бойынша шегінулерге" осы Келісімге сәйкес қабылданған нарыққа қол жеткізу бойынша барлық міндеттемелер кіреді;

(h) "Жалпы қолдаудың біріктірілген көрсеткіші" және "Жалпы БҚК" негізгі ауыл шаруашылық өнімдері бойынша қолдаудың барлық біріктірілген көрсеткіштерінің, нақты өніммен байланысты емес қолдаудың барлық біріктірілген көрсеткіштерінің және ауыл шаруашылық өнімдері үшін қолдаудың барлық баламалы көрсеткіштерінің сомалары сияқты есептелген ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірушілеріне көрсетілетін барлық ішкі қолдау түрлерінің сомаларын білдіреді, олар:

(i) мүше Тізімінің IV бөлімінде көрсетілгендей, базалық кезең ішінде көрсетілген қолдауға және осы Келісімді жүзеге асыру кезеңі және ол өткен соң (яғни "Міндеттемелер байланысының жыл сайынғы және түпкілікті деңгейлері") кез келген жыл ішінде көрсетуге рұқсат берілген ең жоғары қолдауға; және

(ii) осы Келісімнің ережелеріне, соның ішінде 6 бабына сәйкес есептелген және мүшенің шегінулер Тізімінің IV бөліміне сілтеме жолымен енгізілген тиісті анықтамалық материалдар кестесінде пайдаланылған мәліметтер мен әдістерді ескере отырып, жүзеге асыру кезеңі және ол өткен соң (яғни "Ағымдағы жалпы БҚК") кез келген жыл ішінде іс жүзінде көрсетілген қолдау көлеміне қатысты;

(i) "жыл" жоғарыдағы (f) тармағында және мүшенің ерекше міндеттемелеріне қатысты осы мүшеге қолданылатын Тізімде көрсетілген күнтізбелік, қаржылық немесе сауда жылына қатысы бар.

2-БАП

Қамтылатын өнімдер

Осы келісім осы Келісімнің 1-қосымшасында аталған өнімге қатысты қолданылады, олар әрі қарай ауыл шаруашылық өнімдері деп аталады.

II БӨЛІМ

3-БАП

Басқаға берулер мен міндеттемелерді қосу

1. Әр мүше Тізімінің IV бөліміндегі ішкі қолдау мен экспортты субсидиялау бойынша міндеттемелер субсидиялауды шектеу бойынша міндеттемелер болып табылады және 1994ж. ГАТТ ажырамайтын бөлімін құрайды.

2. 6-бап ережелерін сақтаған жағдайда, мүше ұлттық өндірушілерге оның Тізімінің IV бөлімінің 1-бөлігінде көрсетілген міндеттемелермен қарастырылған деңгейден жоғары қолдауды көрсетпейді.

3. 9 баптың 2 (b) және 4-тармақтарының ережелерін сақтаған жағдайда, мүше оның Тізімінің IV Бөлімінің II бөлігінде көрсетілген ауыл шаруашылық өнімдеріне немесе өнімдер топтарына қатысты бюджеттік шығындардың сомасы мен саны бойынша міндеттемелермен қарастырылған деңгейден жоғары 9-бабының 1-тармағында аталып кеткен экспорттық субсидиялар ұсынбайды және мұндай субсидияларды оның Тізімінің осы бөлігінде көрсетілмеген бір де бір ауыл шаруашылық өнімдері бойынша ұсынбайды.

III БӨЛІМ

4-БАП

Нарыққа қол жеткізу

1. Тізімдегі нарыққа қол жеткізу бойынша басқаға берулердің осы Тізімдерде көрсетілгендей, тарифтік мөлшерлемелерді байланыстыруға және төмендетуге және нарыққа қол жеткізу бойынша басқа міндеттемелерге қатысы бар.

2. 5-бапта және 5-қосымшада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, мүшелер әдеттегі кедендік баждарды өзгертуді талап ететін кез келген осындай шараларды сақтауға, қолдануға немесе қайта енгізуге тиіс емес.

5-БАП

Арнайы қорғау шаралары

1. 1994 ж. ГАТТ II бабының 1 (b) тармағының ережелеріне қарамастан, кез келген мүше ауыл шаруашылық өнімнің импортына байланысты төмендегі 4 және 5-тармақтарының ережелерін қолдануы мүмкін, оларға қатысты осы Келісімнің 4-бабының 2-тармағында аталып кеткен шаралар әдеттегі кедендік баждарға өзгертілген және олар Тізімде шегіну заты сияқты "SSG" таңбасымен белгіленген және оларға қатысты осы баптың ережелері қолданылуы мүмкін, егер:

(a) басқаға беруді ұсынатын мүшенің кедендік аумағына келіп түсетін осы азық-түліктің импорт көлемі кез келген жыл ішінде 4-тармақта көрсетілгендей, қолда

бар нарыққа қол жеткізу мүмкіндігімен байланысты триггерлік деңгейден асатын болса ; немесе, бірақ бір уақытта емес:

(b) осы импорттық өнімнің басқаға беруді ұсынатын мүшенің кедендік аумағына келіп түсетін, нақты жеткізілім бойынша СИФ импорттық бағасының базасында есептелген және ұлттық валютада берілген бағасы 1986-1988 жылдар кезеңі бойынша осы өнімнің орташа анықтамалық бағасына тең триггерлік бағасынан төмен деңгейге дейін төмендесе.

2. Жоғарыдағы 1-тармақта көрсетілген басқаға берулердің бөлігі болып табылатын, ағымдағы және ең аз нарыққа қол жеткізу бойынша міндеттемелер негізінде орнатылған импорт көлемі 1 (a) тармақшасының және 4-тармақтың ережелерін қолдану үшін қажетті импорт көлемін анықтау мақсаттары үшін есептеуге жатады, бірақ осындай міндеттемелер негізінде жүзеге асырылатын импортқа төмендегі 1 (a) тармақшасымен және 4-тармағымен немесе 1(b) тармақшасымен және 5-тармағымен қарастырылған ешқандай қосымша баждар салынбайды.

3. 1 (a) тармақшасына және 4-тармаққа сәйкес салынатын қосымша бажды енгізгенге дейін жасалған келісімшарт негізінде жолда болған осы өнімнің кез келген топтамалары бұл жеткізілімдер осы жылға 1(a) тармақшасының ережелерін әрекетке енгізу мақсатында келесі жыл ішінде осы өнім импортының көлеміне енгізілуі мүмкін жағдайында, кез келген осындай қосымша баждан босатылады.

4. 1 (a) тармақшасы негізінде енгізілген кез келген қосымша баж ол енгізілген жыл аяғына дейін ғана сақталады және осындай шара қолданылатын жылы әрекет ететін әдеттегі кедендік баж деңгейінің үштен бірінен көп емес көлемінде алынуы мүмкін. Триггерлік деңгейі мәліметтері бар алдыңғы үш жыл бойынша тиісті ішкі тұтыну көлеміндегі импорт үлесі ретінде анықталатын нарыққа қол жеткізу мүмкіндіктеріне негізделген келесі үлгіге сәйкес белгіленеді:

(a) осындай нарыққа қол жеткізу мүмкіндіктері өнім үшін 10 пайыздан төмен немесе тең болған кезде базалық триггерлік деңгейі 125 пайыз құрайды;

(b) осындай нарыққа қол жеткізу мүмкіндіктері өнім үшін 10 пайыздан асып, бірақ 30 пайыздан төмен немесе тең болған кезде, базалық триггерлік деңгейі 110 пайыз құрайды;

(c) осындай нарыққа қол жеткізу мүмкіндіктері өнім үшін 30 пайыздан асатын болса, базалық триггерлік деңгейін 105 пайыз құрайды.

Басқаға беруді ұсынатын мүшенің кедендік аумағына келіп түсетін тиісті өнімнің импортының абсолюттік көлемі жоғарыда аталған базалық триггерлік деңгейін мәліметтері бар алдыңғы үш жыл бойынша импорттың орташа санына көбейту нәтижесінде алынған (x) және алдыңғы жылмен салыстырғанда мәліметтері бар ең соңғы жылы тиісті өнімнің ішкі тұтыну абсолюттік көлемінің өзгеруі нәтижесінде

алынған (у) сомасынан асып кетсе, барлық жағдайларда қосымша баж кез келген жылы енгізілуі мүмкін, бірақ триггерлік деңгейі жоғарыдағы (х) үшін көрсетілген импорттың орташа санынан 105 пайыздан төмен құрамау керек.

5. 1 (b) тармақшасы негізінде енгізілетін қосымша баж көлемі келесі үлгі бойынша белгіленеді:

(a) егер ұлттық валютада берілген тауар жеткізілімінің СИФ импорттық бағасы (әрі қарай "импорттық баға" деп аталатын) мен ол жоғарыда анықталғандай, триггерлік баға арасындағы айырым триггерлік бағадан 10 пайыздан төмен немесе тең болса, онда қосымша баж салынбайды;

(b) егер импорттық баға мен триггерлік баға арасындағы айырым (әрі қарай "айырым" деп аталатын) 10 пайыздан асып, бірақ триггерлік бағаның 40 пайызынан төмен немесе тең болса, онда қосымша баж айырымы 10 пайыздан асқан соманың 30 пайызын құрайды;

(c) егер айырым 40 пайыздан асып, бірақ триггерлік бағаның 60 пайызынан төмен немесе тең болса, онда қосымша баж айырым 40 пайыз асатын соманың 50 пайызын құрайды, оған қоса (b) тармақшасында рұқсат етілген қосымша баж;

(d) егер айырым 60 пайыздан асып, 75 пайыздан төмен немесе тең болса, онда қосымша баж айырым триггерлік бағадан 60 пайыз асатын соманың 70 пайызын құрайды, оған қоса (b) және (c) тармақшаларында рұқсат етілген қосымша баждар;

(e) егер айырым триггерлік бағаның 75 пайызынан асатын болса, онда қосымша баж айырым 75 пайызға асатын соманың 90 пайызын құрайды, оған қоса (b), (c) және (d) тармақшаларында рұқсат етілген қосымша баждар.

6. Тез бүлінетін және маусымдық өнімдер үшін жоғарыда аталған жағдайлар осындай өнімнің ерекше сипатын ескеріп отыратын түрде қолданылады. Атап айтқанда, базалық кезең шеңберінде тиісті кезеңдерге сілтеме жасаған кезде 1(a) тармақшасына және 4 тармағына сәйкес азырақ кезеңдер қолданылуы мүмкін және 1(b) тармақшасына сәйкес әртүрлі кезеңдер үшін әртүрлі анықтамалық бағалар қолданылуы мүмкін.

7. Арнайы қорғау шараларын қолдану транспаренттілік түрінде жүзеге асырылады. Жоғарыдағы 1(a) тармақшасы негізінде әрекет қолданатын кез келген мүше іс жүзінде қаншалықты ертерек болуы мүмкін алдын ала, бірақ кез келген жағдайда да осындай әрекетті жүзеге асырған соң 10 күн ішінде ауыл шаруашылығы бойынша Комитетке тиісті мәліметтерді қосып, жазбаша түрде хабарлама жолдайды. Әрекетті 4-тармақ негізінде қолданылған жағдайда, тұтыну көлемінің өзгертілуі жеке тарифтік позициялар бойынша бөлінуге тиіс болған кезде, тиісті мәліметтерге осы өзгерістерді бөлген кезде пайдаланылған ақпараттар мен әдістер кіреді. 4-тармақ негізінде әрекет қолданған мүше кез келген мүдделі мүшеге осындай шараларды қолдану жағдайлары бойынша кеңес өткізу үшін мүмкіндік береді. 1(b) тармақшасы негізінде шара қолданатын кез келген мүше бірінші осындай әрекетті қолданған соң 10 күн ішінде немесе тез бүлінетін және маусымдық өнімдер үшін бірінші әрекеттің кез келген кезеңі

ішінде ауыл шаруашылығы бойынша Комитетке тиісті мәліметтерді қосып, жазбаша түрде хабарлама жолдайды. Мүшелер, бұл қаншалықты мүмкін болса, егер осы өнімнің импорт көлемі төмендеп бара жатса, 1(b) тармақшасының ережелерін қолданбауға міндеттенеді. Кез келген жағдайда, осындай әрекеттерді қолданатын мүше кез келген мүдделі мүшелерге осындай әрекеттерді жүзеге асыру жағдайлары бойынша кеңес беру үшін мүмкіндік береді.

8. Шаралар жоғарыдағы 1-7 тармақтарына сәйкес қолданылған кезде мүшелер осындай шараларға қатысты 1994 ж. ГАТТ ХІХ бабының 1(a) және 3-тармақтарының немесе арнайы қорғау шаралары бойынша Келісімнің 8-бабы 2-тармағының ережелерін қолданбауға міндеттенеді.

9. Осы баптың ережелері 20-бапта анықталғандай, реформаны жүргізудің барлық уақытында күшінде қала береді.

IV БӨЛІМ

6-БАП

Ішкі қолдау бойынша міндеттемелер

1. Әрбір мүшенің оның Тізімінің IV бөліміндегі ішкі қолдауды қысқарту бойынша міндеттемелер осы бапта және осы Келісімнің 2-қосымшасында аталған өлшемдер негізінде қысқартуға жатпайтын ішкі шараларды қоспағанда, ол ауыл шаруашылық өндірушілеріне көрсететін ішкі қолдаудың барлық түріне қатысты қолданылады. Бұл міндеттемелер "Жалпы қолдаудың біріктірілген көрсеткіші" және "Міндеттемелер байланысының жыл сайынғы және түпкілікті деңгейі" түрінде беріледі.

2. Уругвай кезеңінің аралық шолуы бойынша Келісімге сәйкес онда айтылғандай, ауыл шаруашылығы мен аграрлық саланың дамуын көтермелеу мақсатында тікелей немесе жанама болсын, мемлекеттік көмек шаралары дамушы елдердің даму бағдарламаларының ажырамайтын бөлігі болып табылады; әдетте дамушы мүше мемлекеттерде ауыл шаруашылығына берілетін инвестициялық субсидиялар; және әдетте дамушы мүше мемлекеттерде ресурстарға қатысты төмен табысты немесе кедей өндірушілеріне ауыл шаруашылығындағы шығындарды өтеуге берілетін субсидиялар ішкі қолдауды қысқарту бойынша міндеттемелерден босатылады, олар ондай болмаған жағдайда, дамушы мүше мемлекеттерде заңсыз есірткі дақылдарын өсіруді ауыстыратын эртараптандыруды көтермелеу мақсатында берілетін ішкі қолдау сияқты осындай шараларға қолданылатын еді. Мүше үшін осы тармақтың өлшемдеріне сәйкес келетін ішкі қолдауды "Ағымдағы жалпы БҚК" есебіне қосу талап етілмейді.

3. Мүше өзінің ішкі қолдауды қысқарту бойынша міндеттемелерін "Ағымдағы жалпы БҚК" түрінде берілген ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерге берілетін

оның ішкі қолдауы осы мүше Тізімінің IV бөлімінде көрсетілген тиісті жыл сайынғы немесе түпкілікті деңгейінен жоғары болмаған кез келген жылы орындады деп есептеледі.

4. (a) Мүшеден "Ағымдағы жалпы БҚК" есебіне қосу және қысқарту талап етілмейді:

(i) нақты өнімге байланысты ішкі қолдауды, ол ондай болмаған жағдайда, осындай қолдау тиісті жыл ішінде осы мүшенің негізгі ауыл шаруашылық өнімін өндірудің жалпы құнынан 5 пайыз аспаған кезде "Ағымдағы БҚК" есебіне қосылу тиіс еді; және

(ii) нақты өнімге байланысты емес ішкі қолдауды, ол ондай болмаған жағдайда, мұндай қолдау осы мүшенің ауыл шаруашылық өнімінің жалпы құнынан 5 пайыз аспаған кезде мүшенің "Ағымдағы БҚК" есебіне қосылу тиіс еді.

(b) Дамушы мүше мемлекеттер үшін осы тармақ бойынша пайыздық үлес 10 пайыз құрайды.

5. (a) Өндірісті шектеу бағдарламалары бойынша тікелей төлемдер ішкі қолдауды қысқарту бойынша міндеттемелермен қамтылмайды, егер:

(i) мұндай төлемдер тиянақталған алқаптар мен егінге байланысты болса; немесе

(ii) мұндай төлемдер өндірістің базалық деңгейінің 85 не одан аз пайызы негізінде жүргізілсе; немесе

(iii) мал шаруашылығы секторында төлемдер тиянақталған мал басының санынан алынса.

(b) Жоғарыда көрсетілген өлшемдерге жауап беретін ішкі төлемдерді қысқарту бойынша міндеттемелерден босатылу осы мүшенің "Ағымдағы жалпы БҚК" есебінен осы тікелей төлемдерді алып тастау жолымен жүзеге асырылады.

7-БАП

Ішкі қолдау бойынша жалпы ережелер

1. Әрбір мүше қысқарту туралы міндеттемелерге түспейтін ауыл шаруашылық өндірушілері үшін ішкі қолдаудың кез келген шаралары көрсетілген Қосымшаға сәйкес болуын қамтамасыз етеді, себебі олар осы Келісімнің 2-қосымшасында аталған өлшемдерге сәйкес келеді.

2. (a) Ауыл шаруашылық өндірушілері үшін ішкі қолдаудың кез келген шарасы, соның ішінде осындай шараның кез келген өзгерісі және соның салдарынан енгізілетін, осы Келісімнің 2 Қосымшасында аталған өлшемдерге сәйкес келмейтін немесе осы Келісімнің қандай да бір басқа ережелері негізінде қысқартудан алынып тасталмайтын кез келген шара осы мүшенің "Ағымдағы жалпы БҚК" есебіне қосылады.

(b) "Жалпы БҚК" бойынша міндеттемелер мүше Тізімінің IV бөлімінде болмаса, бұл мүше ауыл шаруашылық өндірушілеріне 6-бабының 4-тармағында көрсетілген тиісті ең аз деңгейден жоғары қолдауды көрсетпейді.

V БӨЛІМ

8-БАП

Экспорттық бәсекелестік бойынша міндеттеме

Әр мүше осы Келісімде және осы мүшенің Тізімінде көрсетілген міндеттемелерге сәйкестігінен басқа, экспорттық субсидияларды ұсынбауға міндеттенеді.

9-БАП

Экспорттық субсидиялар бойынша міндеттеме

1. Осы Келісімге сәйкес қысқарту бойынша міндеттемелерде келесі экспорттық субсидиялар ескеріледі:

(а) үкіметтің немесе олардың мекемелерінің фирмаға, өнеркәсіп саласына, ауыл шаруашылық өнім өндірушілеріне, осындай өндірушілердің кооперативіне немесе өзге қауымдастыққа, немесе экспортты жүзеге асыруға байланысты өткізу бойынша кеңеске тікелей субсидиялар, соның ішінде заттай төлемдер ұсынуы;

(b) үкіметтің немесе олардың мекемелерінің экспорт үшін ауыл шаруашылық өнімінің коммерциялық емес қорларын ішкі нарықтағы сатып алушылар үшін ұқсас өнімге белгіленетін салыстырмалы бағасынан төмен баға бойынша сату немесе тапсыру;

(c) мемлекет қаражатынан болсын болмасын үкімет арқылы қаржыланатын ауылшаруашылық өнімдерін экспорттаған кезде төлемдер, соның ішінде тиісті ауыл шаруашылық өнімдеріне немесе экспорттық өнім алынатын ауыл шаруашылық өніміне алымдардан түсім есебінен қаржыланатын төлемдер;

(d) ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттаған кезде айналым шығындарын төмендету үшін субсидия беру (экспорт дамуын қолдау және кеңес беру қызметтері бойынша кең таралған қызметтерден басқа), соның ішінде жүкті тиеу-түсіру жұмыстарына, өнім сапасын көтеруге шығындар және қайта өңдеу бойынша шығындар, сондай-ақ халықаралық тасымалдау мен кірепұлмен байланысты шығындар;

(e) экспорттық болып табылмайтын жүктерді тасымалдаған кездегі жағдайдан қолайлы жағдайда үкімет белгілеген немесе ұйғарылған экспортқа жеткізу кезіндегі ішкі тасымалдау мен кірепұл тарифтері;

(f) олардың экспорттық өнімге қосылуына байланысты ауыл шаруашылық өнімдерін субсидиялау.

2. (a) (b) тармақшасында қарастырылғанды қоспағанда, мүшенің Тізімінде көрсетілгендей, жүзеге асыру кезеңінің әр жылына экспорттық субсидиялар бойынша міндеттемелер осы баптың 1-тармағында аталған экспорттық субсидияларға қатысты келесіні білдіреді:

(i) бюджеттік шығындарды қысқарту бойынша міндеттемелер жағдайында – белгілі ауыл шаруашылық өніміне немесе өнімдер топтамасына қатысты қарастырылуы немесе берілуі мүмкін осындай субсидияларға шығындардың ең жоғары деңгейі; және

(ii) экспортқа қатысты сандық қысқарту бойынша міндеттемелер жағдайында – оларға қатысты осы жылы осындай экспорттық субсидиялар берілетін ауыл шаруашылық өнімдерінің немесе өнімдер топтамасының ең жоғары саны.

(b) Жүзеге асыру кезеңінің екіншісінен бастап бесіншісіне дейін кез келген жылы мүше жоғарыдағы 1-тармақта аталып кеткен экспорттық субсидияларды келесі жағдайда бөлек алынған жылы осы мүше Тізімінің IV бөлімінде көрсетілген өнімдерге немесе өнімдер топтамасына қатысты тиісті жылдық міндеттемелер деңгейінен жоғары беруі мүмкін:

(i) осындай субсидияларға бюджеттік шығындардың жиынтық сомасы жүзеге асыру кезеңінен бастап қаралған жылына дейін қоса алғанда осы мүшенің Тізімінде көрсетілген шығындар деңгейі бойынша тиісті жылдық міндеттемені толық орындау нәтижесінде алынған жиынтық сомалардан 3 пайыз аспаса, базалық кезеңдегі осындай бюджеттік шығындардың деңгейінен;

(ii) осындай экспорттық субсидияларды қолданумен экспорттың жиынтық саны жүзеге асыру кезеңінен бастап қаралған жылға дейін қоса алғанда мүше Тізімінде көрсетілген сандық деңгейлерге қатысты тиісті жылдық міндеттемені толық орындағаннан алынатын экспорттық жиынтық санынан, базалық кезеңнің санынан 1,75 пайызға аспаса;

(iii) жүзеге асырудың барлық кезеңі ішінде оларға қатысты экспорттық субсидиялар берілетін осындай экспорттық субсидиялар мен экспорт көлеміне бюджеттік шығындардың жалпы жиынтық сомасы осы мүшенің Тізімінде көрсетілген тиісті жылдық міндеттемені толығымен орындаған кезде алынатын жалпы сомасынан аспаса; және

(iv) мүшенің экспорттық субсидияларға бюджеттік шығындары мен осындай субсидиялар берілетін экспорт көлемі жүзеге асыру кезеңі аяғында 1986-1990 жж. базалық кезең деңгейінің тиісті 64 пайызы мен 79 пайызынан аспайтын болса. Дамушы мүше мемлекеттер үшін бұл пайыз 76 және 86 құрайды.

3. Экспортты субсидиялауды қолдану саласындағы шектеуге қатысты міндеттемелер басқаға берулер Тізімінде көрсетілген.

4. Жүзеге асыру кезеңі ішінде дамушы мүше елдерден егер бұл қысқарту бойынша міндеттемені айналып өту үшін қолданылмаса, жоғарыдағы 1 тармақтың (d) және (e) тармақшаларында аталып кеткен экспорттық субсидияларға қатысты міндеттемені орындау талап етілмейді.

10-БАП

Экспорттық субсидиялар бойынша міндеттемелерден айналып өтудің алдын алу

1. 9-баптың 1-тармағында аталмаған экспорттық субсидиялар экспорттық субсидиялар бойынша міндеттемелерден айналып өтуге әкелетін немесе әкелуге қауіпі бар түрде қолданылмайды; сондай-ақ коммерциялық емес мәмілелер де осындай міндеттемелерден айналып өту үшін қолданылмайды.

2. Мүшелер экспорттық несиесі, экспорттық несиелер немесе сақтандыру бағдарламалары бойынша кепілдер беру саласында халықаралық деңгейде келісілген ережелерді әзірлеу жөнінде жұмысты жүргізуді және осындай ережелерге қатысты келісімге қол жеткізген соң осындай ережелерге ғана сәйкес экспорттық несиесі, экспорттық несиелер немесе сақтандыру бағдарламалары бойынша кепілдер беруге міндеттенеді.

3. Қысқарту бойынша міндеттеме деңгейінен жоғары экспортталған тауарлардың қандай да бір саны субсидияланған жоқ деп сендірген кез келген мүше 9-бапта көрсетілгеніне немесе көрсетілмегеніне байланыссыз экспорттың осы санына қатысты ешқандай экспорттық субсидия берілмегенін негіздеу керек.

4. Халықаралық азық-түлік көмегінің донорлары болып табылатын мүшелер қамтамасыз етеді:

а) халықаралық азық-түлік көмегінің ұсынылуы көмек алатын елдерге ауыл шаруашылық өнімдерінің коммерциялық экспортымен тікелей немесе жанама байланыста болмау керек;

б) халықаралық азық-түлік көмегі, соның ішінде ақша түріндегі екі жақтық азық-түлік көмегі бойынша мәмілелер ФАО "Артылған қаражатты табыстау қағидаттары және кеңес беруді жүргізу бойынша міндеттемелерге", соның ішінде тиісті жағдайларда әдеттегі маркетингтік талаптар Жүйесіне (ӘМТ) сәйкес жүзеге асырылуы керек; және

с) мұндай көмек, мүмкіндігінше, толығымен гранттар түрінде немесе 1986 жылғы азық-түлік көмегі туралы Конвенцияның IV бабында қарастырылған жағдайлардан қолайлығы кем емес жағдайларда көрсетілуі керек.

11-БАП

Инкорпорацияланған өнімдер

Инкорпорацияланған шикізат ауыл шаруашылық өнімінің бірлігіне төленген субсидия ешқандай жағдайларда осындай шикізат өнімінің экспорты жағдайында төленген өнім бірлігіне экспорттық субсидиядан аспау керек.

VI БӨЛІМ

12-БАП

Экспортқа тыйым салу және шектеуге қатысты ережелер

1. Кез келген мүше 1994ж. ГАТТ ХІ бабының 2(а) тармағына сәйкес өнім экспортына қатысты кез келген жаңа тыйым салу немесе шектеу орнатқан кезде, бұл мүше келесі ережелерді сақтайды:

(а) экспортқа тыйым салуды немесе шектеуді орнататын мүше импорттайтын мүшенің өнімділік қауіпсіздігі үшін осындай тыйым салудың немесе шектеудің салдарын ескеріп отырады;

(b) кез келген мүше экспортқа тыйым салуды немесе шектеуді орнатқанға дейін ол іс жүзінде қаншалықты мүмкін болса, алдын ала осындай шараны қолдану сипаты мен ұзақтылығы жайлы ақпаратымен хабарламаны ауыл шаруашылығы бойынша Комитетке жолдайды және импортер ретінде елеулі мүддесі бар кез келген басқа мүшемен өтінім бойынша қаралатын шараға қатысты кез келген мәселе бойынша кеңес береді. Осындай тыйым салуды немесе шектеуді орнататын мүше өтінім бойынша басқа мүшеге барлық қажетті ақпаратты ұсынады.

2. Осы баптың ережелері ешқандай дамушы мүше елдерге қатысты қолданылмайды, тек қана егер шараны нақты өнім түрінің нетто-экспорттаушысы болып табылатын дамушы мүше мемлекет қабылдамаса.

VII БӨЛІМ

13-БАП

Тиісті ұстамдылық

Жүзеге асыру кезеңін жалғастыра отыра, 1994ж. ГАТТ және субсидиялар мен өтемақы шаралары бойынша Келісім (осы бапта "Субсидиялар туралы Келісім" деп аталатын) ережелеріне қарамастан:

(а) осы Келісімнің 2-қосымшасының ережелеріне толығымен сәйкес келетін ішкі қолдау шаралары:

(i) өтемақы баждарын енгізу үшін негіз бермейтін субсидиялар болып есептеледі 4;

(ii) 1994 ж. ГАТТ ХVІ бабы және Келісімнің ІІІ бөлігі негізінде қабылданатын әрекеттерден алынып тасталады; және

(iii) 1994 ж. ГАТТ ХХІІІ бабының 1(b) тармағының мағынасында 1994 ж. ГАТТ ІІ бабы бойынша басқа мүшеге берілген тарифтік басқаға берулердің пайдаларын жою немесе қысқарту бұзушылықтары болып табылмайтын негізде қабылданатын әрекеттерден алынып тасталады;

(b) осы Келісімнің 6 бабының ережелеріне толығымен сәйкес келетін ішкі қолдау шаралары, соның ішінде әр мүшенің Тізімінде көрсетілгендей, осы баптың 5-тармағының талаптарына сәйкес келетін тікелей төлемдер, сондай-ақ ең аз деңгейлер шеңберіндегі және 6-бабының 2-тармағына сәйкес ішкі қолдау:

(i) егер 1994 ж. ГАТТ VІ бабына және субсидиялар туралы Келісімнің V бөліміне сәйкес зиян немесе зиян қауіпі орнатылмаса және тиісті ұстамдылық өтемақы

баждарын енгізу бойынша кез келген тергеуді қозғаған кезде көрініс алса, өтемақы баждарын салудан босатылады;

(ii) осындай шаралардың жүзеге асырылуы нақты өнімге қатысты 1992 сауда жылы ішінде берілген қолдаудан жоғары қолдау берілуге әкелмеген жағдайда, 1994 ж. ГАТТ XVI бабының 1-тармағы немесе субсидиялар туралы Келісімнің 5 және 6-бабы негізінде қабылданатын әрекеттерден алынып тасталады; және

(iii) осындай шаралардың жүзеге асырылуы нақты өнімге қатысты 1992 сауда жылы ішінде берілген қолдаудан жоғары қолдау берілуге әкелмеген жағдайда, 1994 ж. ГАТТ XXIII бабының 1(b) тармағының мағынасында 1994 ж. ГАТТ II бабы бойынша басқа мүшеге берілген тарифтік басқаға берулердің пайдаларын жою немесе қысқарту бұзушылықтары болып табылмайтын негізде қабылданатын әрекеттерден алынып тасталады;

(c) әр мүшенің Тізімінде көрсетілгендей, осы Келісімнің V бөлімінің ережелеріне толығымен сәйкес келетін экспорттық субсидиялар:

(i) 1994 ж. ГАТТ VI бабына және субсидиялар туралы Келісімнің V бөліміне сәйкес көлемін, бағаға әсерін немесе кейінгі әсерін ескере отырып анықталған зиян немесе зиян қауіпін анықтау салдарынан ғана өтемақы баждарының енгізілу астына түседі және тиісті ұстамдылық өтемақы баждарын енгізу бойынша кез келген тергеуді қозғаған кезде көрініс алады;

(ii) 1994 ж. ГАТТ XVI бабы және субсидиялар туралы Келісімнің 3, 5 және 6-баптары негізінде қабылданатын әрекеттерден алынып тасталады.

VIII БӨЛІМ

14-БАП

Санитариялық және фитосанитариялық шаралар

Мүшелер санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану бойынша Келісімді әрекетке енгізумен келіседі.

IX БӨЛІМ

15-БАП

Арнайы және сараланған режим

1. Сараланған және қолайлылығы неғұрлым жоғары режим дамушы мүше елдер үшін келіссөздердің ажырамайтын бөлімі болып табылатынын мойындап, осы елдердің міндеттемелеріне қатысты осы Келісімнің тиісті ережелерімен қарастырылған және басқаға берулер мен міндеттемелер Тізімінде бекітілген арнайы және сараланған режиммен қамтамасыз етіледі.

2. Дамушы мүше елдерге 10 жылға дейінгі кезең ішінде қысқарту бойынша міндеттемелерді орындау үшін икемділік ұсынылады. Неғұрлым төмен дамыған елдерден қысқарту бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдауды талап етілмейді.

X БӨЛІМ

16-БАП

Өнімнің нетто-импорттаушылары болып табылатын неғұрлым төмен дамыған елдер мен дамушы елдер

1. Дамыған мүше елдер нетто-импорттаушылар болып табылатын неғұрлым төмен дамыған елдер мен дамушы елдер үшін реформа бағдарламасынан болатын жағымсыз салдарына қатысты шаралар туралы Шешім шеңберінде қарастырылған әрекеттерді қолданады.

2. Ауыл шаруашылығы бойынша Комитет тиісті түрде осы Шешімнің орындалуына бақылау жүргізеді.

XI БӨЛІМ

17- БАП

Ауыл шаруашылығы жөніндегі комитет

Осымен ауыл шаруашылығы комитеті бекітіледі

18-БАП

Міндеттемелерді орындау барысын қарастыру

1. Уругвай раунды реформасының бағдарламасы шеңберінде келісілген міндеттерді орындау барысы ауыл шаруашылығы бойынша Комитетпен қаралады.

2. Міндеттемелерді орындау барысын қарастыру осындай мәселелер бойынша мүшелермен ұсынылатын хабарламалар негізінде және анықталуға жататын осындай кезектілігімен, сондай-ақ қарастыру процесін жеңілдету үшін дайындалуы Секретариатқа тапсырылуы мүмкін осындай құжаттама негізінде жүзеге асырылады.

3. 2-тармаққа сәйкес, ұсынуға жататын хабарламаларға толықтырулар ретінде ішкі қолдау туралы немесе қысқартулардан алулар сұратылған алулар қолданыстағы шаралардың өзгергендігі туралы кез келген жаңа шара туралы кідіртпей хабарлауға жатады. Мұндай хабарламада жаңа немесе өзгертілген шара туралы және 6-бапта мазмұндалған немесе 2-қосымшада мазмұндалған келісілген өлшемдерге сәйкес оның сәйкестігі туралы толық мәліметтер қамтылады.

4. Қарау процесінде мүшелер тиісті үлгіде ішкі қолдау бойынша оның міндеттемелерін қандай да бір мүшенің орындау қабілеттілігіне арналған инфляцияның шексіз деңгейінің әсер етуін ескереді.

5. Мүшелер осы Келісімге сәйкес, экспорттық субсидиялар бойынша міндеттемелер шеңберінде ауылшаруашылық өнімдерімен әлемдік сауда жасаудың қалыпты өсуіне олардың қатысуына байланысты ауыл шаруашылығы бойынша Комитетте жыл сайын кеңестер жүргізуге келіседі.

6. Қарау процесі мүшелерге осы Келісімде мазмұндалғандай, реформаның бағдарламасы бойынша міндеттемелерді орындауға жататын кез келген сұрақтарды қозғау мүмкіндігін береді.

7. Кез келген мүше оның пікірі бойынша басқа мүше хабарлауы тиіс кез келген шара туралы ауыл шаруашылығы Комитетіне мәлімдеуі мүмкін.

19-БАП

Кеңестер және дауларды реттеу

1994 ж, ГАТТ XXII және XXIII баптарының ережелері, олар қалай әзірленсе, сондай түрде дауларды шешу туралы Уағдаластық қолданылады және осы Келісімнің шеңберінде дауларлы реттеуге және кеңестерге қатысты қолданылады.

XII БӨЛІМ

20-БАП

Реформа процесінің жалғасы

Іргелі реформаға жетелейтін қолдауды және қорғауды маңызы бойынша және кезегімен қысқарту бойынша ұзақ мерзімді мақсатты жүзеге асыру үздіксіз процес болып табылатынын мойындай отырып, мүшелер бір жыл ішінде Келісімді жүзеге асыру кезеңі аяқталғанға дейін мыналарды ескере отырып, осы процесті жалғастыру туралы келіссөздер басталатын болады:

(а) осы күнге дейін жинақталған қысқарту бойынша міндеттемелерді орындау бойынша тәжірибені,

(b) ауылшаруашылық саласында әлемдік саудаға арналған қысқартуға қатысты міндеттердің әсері;

(с) дамушы мүше-елдер үшін арнайы және сараланған тәртіп, сауда емес бейсаудалық мәселелер және ауылшаруашылық саласында нарыққа бағытталған және әділ сауда жүйесін құру мақсаттары, сондай-ақ осы Келісімнің кіріспе бөлігінде айтылған өзге де мақсаттар және мәселелер; және

(d) жоғарыда айтылған ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу үшін одан әрі міндеттерді қабылдау.

XIII БӨЛІМ

21-БАП

Қорытынды ережелер

1. 1994 ж. ГАТТ ережелері және ДСҰ бойынша Келісімге қоса берілген 1А-Қосымшасында келтірілген өзге де көпжақты сауда келісімдері осы Келісімнің ережелерін сақтай отырып қолданылады.

2. Осы Келісімге қоса берілген қосымшалар осы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

1-ҚОСЫМША
ҚАМТЫЛАТЫН ӨНІМДЕР

1. Осы Келісіммен мынадай өнімдер қамтылады:
- (i) 1 - 24 ГС Тобы, балық пен балық өнімдерін қоспағанда, сондай-ақ*
 - (ii) Код ГС 2905.43 (маннит)
Код ГС 2905.44 (сорбит)
ГС айқындама 33.01 (эфир майы)
ГС айқындамалары 35.01 - 35.05 (альбуминоидты заттар, үлгіге айналдырылған крахмалдар, желімдер)
Код ГС 3809.10 (құраушы құрамдар)
Код ГС 3823.60 (сорбитол, өзге де өнімдер)
ГС айқындамалары 41.01 - 41.03 (тері және былғары шикізаты)
ГС айқындама 43.01 (бөлінбеген аң терісі)
ГС айқындама 50.01 - 50.03 (шикі-жібек және жібек қалдықтары)
ГС айқындама 51.01 - 51.03 (тері және жануарлардың шаштары)
ГС айқындама 52.01 - 52.03 (шикі-мақта, мақта қалдықтары, Түтілген немесе таралған мақта талшығы)
ГС айқындама 53.01 (шикі-зығыр)
ГС айқындама 53.02 (шикі қаймақ)

2. Жоғарыда келтірілген тізім санитарлық және фитосанитариялық шараларды қолдану бойынша Келісіммен қамтылатын өнімдердің тізімін шектемейді.

*Дөңгелек жақша ішінде келтірілген өнімдердің сипаттамасының тамамдалған болып табылуы міндетті емес.

2-ҚОСЫМША

ІШКІ ҚОЛДАУ: ҚЫСҚАРТУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДЕН БОСАТУ ҮШІН НЕГІЗДЕР

1. Қысқарту бойынша міндеттерден босатуды сұрайтын ішкі қолдау шаралары мынадай маңызды талаптарға жауап беруі тиіс: өндіріске немесе саудаға қолайсыз әсер етпеуге немесе барынша аз әсер етуге. Тиісінше босатуды сұрайтын барлық шаралар мынадай негізгі өлшемдерге сәйкес келуі тиіс:

(а) аталмыш қолдау тұтынушылардың қаражаттарын аудару есебінен емес, керісінше мемлекеттік үкіметтік бағдарламадан (үкіметпен талап етілмеген табыстарды қосқанда) қаржыландыру негізінде ұсынылады; және

(b) аталмыш қолдау өндірушілердің бағаларын қолдау салдарын иеленбейді;

Сонымен қатар төменде мазмұндалған арнайы өлшемдер мен шарттардың саясатын жүзеге асырумен байланысты салдарды да иеленбейді.

Қызметтерді ұсынудың үкіметтік бағдарламалары

2. Жалпы сипаттағы қызметтер

Мұндай түрдегі шаралар бағдарламаларды орындау үшін (немесе талап етілмеген табыстар) шығындарды көздейді, яғни оның негізінде ауыл шаруашылығын немес ауыл тұрғындарына қызметтер немесе жеңілдіктер ұсынылады. Олармен өндіріспен немесе қайта өңдеумен айналысатындарға қатысты тікелей төлемдер қамтылмайды. Өткізілетін тізімге қосылған мұндай бағдарламалар, яғни олармен шектелмеген, жоғарыдағы 1-тармақта көрсетілген жалпы өлшемдерге жауап беруі тиіс және төменде мазмұндалған саясатты өткізудің нақты шарттарына жауап беруі тиіс:

(a) ғылыми зерттеулер, оның ішінде жалпы сипаттағы зерттеулер, қоршаған ортаны қорғау бағдарламасымен байланысты зерттеулер және нақты өнімдер бойынша зерттеу бағдарламалары;

(b) нақты өнімге жататын шаралар және аурулармен және зиянкестілермен күресудің жалпы шараларын қосқанда, және аурулармен және зиянкестілермен күресу, мысалы, ерте ескерту жүйелері, карантин және жою;

(c) оқу үшін арнайы және жалпы бейімдеулерді қосқанда, кадрларды даярлау бойынша қызметтер;

(d) өндірушілерге және тұтынушыларға зерттеу нәтижелерін және ақпараттарды беруді жеңілдету үшін тәсілдерді ұсынуды қосқанда, кеңестік қызметтер және тәжірибе мен білімді тарату бойынша қызметтер;

(e) стандарттау және сапасы бойынша іріктеу, қауіпсіздік, денсаулық сақтау мақсаттары үшін жекелеген өнімдерді тексеруді және жалпы инспекциялық қызметтерді қосқанда, инспекциялық қызметтер;

(f) сатып алушыларға тікелей экономикалық жеңілдіктерді ұсыну немесе олардың сату бағаларын төмендету үшін сатушылармен қолданылуы мүмкін нақты емес бағаларға арналған шығындарды қоспағанда, нақты өнімдердің алға жылжуы және кеңестер, маркетингтік ақпараттарды қосқанда, нарыққа қарай алға жылжу және маркетинг бойынша қызметтер; және

(g) инфрақұрылымдық қамтамасыз ету бойынша қызметтер, мыналарды қосқанда: электрмен жабдықтау, жолдар және көліктің өзге де құралдары, нарықтық және кемежай жабдықтары, сумен жабдықтау, бөгеттер және дренажды жүйелер, қоршаған ортаны қорғау бойынша бағдарламамен үйлестірілген инфрақұрылымдарды құру бойынша жұмыстар. Барлық жағдайда шығындар тек жабдықтарға немесе күрделі құрылыстардың құрылысына жіберіледі, егер бұл қоғамдық пайдаланудың жалпыға танылған құрылыстарының тораптарына қатысты болмаса, фермерлік шаруашылықтардағы инфрақұрылымдық нысандарды субсидиялау алынып тасталады.

Субсидиялар жеңілдіктері бар тұтынушылардан алынатын жинақтан немесе пайдалану шығындары және шығындарға арналған жабуларға қосылмайды.

3. Азық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік резервтерді құру

Азық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бағдарламалардың ұлттық заңнамада көрсетілген БӨЛМІНІҢ ажырамас бөлігін құрайтын азық қорларын жинау және сақтау мақсаттары үшін (немесе талап етілмеген табыстар) шығындар. Олар азықтық жеке қоймаларына қатысты үкіметтік көмекті қамтуы мүмкін.

Мұндай резервтерді жинау және оның көлемі азықтық қауіпсіздікке жататын алдын - ала белгіленген мақсаттарға сәйкес келеді. Резервтерді жинау және бөлу процестері қаржылық тұрғысынан транспарентті болуы тиіс. Азықты үкіметпен сатып алу ағымдағы нарық бағалары бойынша жүзеге асырылады, ал азықтық резервтерден алынатын сатып алулар – тиісті сападағы нақты өнімге арналған ағымдағы ішкі нарықтық бағалардан төмен емес баға бойынша жүзеге асырылады.

4. Ішкі азықтық көмек

Халықтың мұқтаж бөлігіне ішкі азықтық көмекті ұсынуға арналған (немесе талап етілмеген табыстар) шығындар.

Азықтық көмекті алуға арналған құқық тамақтануды қамтамасыз ету мақсаттарына жататын нақты белгіленген өлшемдермен тығыз байланысты. Мұндай көмек мүдделі тұлғаларға азықты тікелей жеткізу нысанында ұсынылады немесе нарықтық немесе субсидияланатын бағалар бойынша заңды реципиенттермен азық тағамдарын алуға мүмкіндік беретін тәсілдерді ұсыну арқылы ұсынылады. Үкіметпен азықты сатып алу ағымдағы нарықтық баға бойынша жүзеге асыралыда және оны басқару транспарентті болып табылады.

5. Өндірушілерге тікелей ақы төлеу

Қысқарту бойынша міндеттерден босату сұралатын өндірушілерге тікелей төлемдер түрінде (немесе заттық мазмұндағы төлемдерді қосқанда, талап етілмеген табыстар) ұсынылатын қолдау, төменде көрсетілгендей 6-13 тармақтарда көрсетілгендей, тікелей төлемдердің дербес түрлеріне қатысты қолданылатын арнайы өлшемдерге тең келетін, яғни жоғарыдағы 1-тармақта мазмұндалған негізгі өлшемдерге сәйкес келуі тиіс. Егер қысқартудан босату 6-13 тармақтарда көрсетілгендерді қоспағанда, кез келген тікелей төлемдердің қолда бар немесе жаңа түріне қатысты сұралатын болса, онда ол 1-тармақта мазмұндалған жалпы өлшемдерге толықтыру ретінде 6-тармақтың (b) - (e) өлшемдеріне сәйкес келуі тиіс.

6. "Байланысты емес" табыстарды қолдау

(a) Мұндай төлемдерге арналған құқық нақты белгіленген өлшемдермен анықталады, мысалы табыс секілді, өндірушінің немесе жер иеленушінің мәртебесі секілді, жүктеу дәрежесі немесе белгіленген және тіркелген базалық кезеңдегі өндіріс деңгейі.

(b) Мұндай төлемдердің сомасы аталмыш кез келген жылда базалық кезеңнен кейін кез келген жылы аталмыш өндірушімен өндірілген (қара мал басын қосқанда) өнімнің көлеміне немесе түрлеріне негізделмейді және байланысты емес.

(c) Мұндай төлемдердің сомасы аталмыш кез келген жылда базалық кезеңнен кейін кез келген жылы өндірілген кез келген өнімге қатысты әлемдік немесе ішкі бағаларға негізделмейді және байланысты емес.

(d) Мұндай төлемдердің сомасы аталмыш кез келген жылда базалық кезеңнен кейін кез келген жылы іске қосылған өндіріс факторларына негізделмейді және байланысты емес.

(e) Мұндай төлемдерді алу үшін өндіріс талап етілмейді.

7. табыстарды қамтамасыз ету және сақтандыру бағдарламаларына үкіметтің қаржылық қатысуы

(a) Мұндай төлемдерге арналған құқық ең жоғарғы және ең төмен көрсеткіштері алынып тасталған алдыңғы бес жылдық кезең негізінде есептелген, үш жылдың орташа көрсеткішінен немесе алдыңғы үш жылдық кезең (осындай немесе осыған ұқсас бағдарламалар бойынша алынған кез келген төлемдерді қоспағанда) үшін таза табыс түріндегі балама немесе орташа жалпы табыстан 30 пайыз асатын табыстардағы (алайда тек ауал шаруашылығынан алынатын табыстар ғана есептелінеді) шығындармен анықталады. Осы шартқа жауап беретін кез келген өндіруші төлемдерді алу құқығына ие.

(b) Мұндай төлемдердің сомасы осындай көмекті алуға арналған құқықты алатын өндірушінің сол жылдағы табысындағы өндіруші жоғалтпасы 70 пайыздан азырақ өтейді.

(c) Кез келген мұндай төлемдердің сомасы тек табысқа ғана тәуелді; ол аталмыш өндірушімен өндірілген өнімнің көлеміне немесе түрлеріне байланысты емес (қара мал басын қосқанда); немесе осындай өнімге қатысты қолданылатын ішкі немесе әлемдік бағаға байланысты емес; немесе өндірістің пайдаланылатын факторларына байланысты емес.

(d) Өндіруші сол бір жылдың ішінде осы тармақтың және 8-тармақтың (дүлей апаттар кезіндегі көмек) негізінде төлемдерді алатын болса, мұндай төлемдердің жалпы көлемі өндірушінің жалпы шығын 100 пайыздан азырақ құрайды.

8. Дүлей апаттар барысындағы көмек көрсету тәртібіндегі (өнімді сақтандыру бағдарламаларындағы үкіметтік қаржылық қатысуы арқылы немесе тікелей жүзеге асырылатын) төлемдер

(a) Мұндай құқықтарға арналған құқық үкіметтік органдармен ресми танылғаннан кейін ғана туындайды, яғни апатты немесе осындай дүлей апаттары (аталмыш мүшенің аумағындағы соғысты және ядролық аварияларды, зиянкестермен жұқтыруларды, аурулардың тұтануын қосқанда) болған болса немес орын алса; және ең жоғарғы және ең төмен көрсеткіштері алынып тасталған алдыңғы бес жылдық кезең негізінде

есептелген, үш жылдың орташа көрсеткішінен немесе алдыңғы үш жылдық кезең үшін өндірістің орташа кезеңінен 30 пайыз асатын өндірістік шығындармен шарттасады.

(b) Апатқа сәйкес жүргізілетін төлемдер табыстарды шығындау (жануарларға ветеринарлық қызмет көрсетумен байланысты төлемдерді қосқанда), қара мал басымен, жермен және өндірістің өзге де факторларының қаралатын дүлей апаттардың салдарынан туындағанда ғана қолданылады.

(c) Төлемдер осындай шығын жалпы құнынан кем емес шығындарды өтейді және болашақтағы өнімнің санымен немесе түрін нақты сипаттаумен немесе талаптармен шарттаспаған.

(d) Дүлей апаттары уақытындағы төлемдер жоғарыдағы (b) өлшемдерінде белгіленген шығындарды одан әрі жұмсарту немесе ескерту үшін қажетті деңгейден аспайды.

(e) Өндіруші сол бір жылдың ішінде осы тармақтың және 7-тармақтың (сақтандыру бағдарламалары және табысты қамтамасыз ету) негізінде төлемдерді алатын болса, мұндай төлемдердің жалпы көлемі өндірушінің жалпы шығынның 100 пайызынан аспайды.

9. Өндірушілердің өз қызметін тоқтатуға түрткі болатын бағдарламалар арқылы құрылымдық өзгерістерге көмектесу

(a) Мұндай төлемдерге арналған құқықтар тауарлық ауылшаруашылық өнімдерімен қамтылған тұлғалардың қызметін тоқтатуды жеңілдету үшін немесе ауыл шаруашылығына жатпайтын қызметтің секторында оларды көшіру үшін тағайындалған бағдарламалар шеңберінде нақты белгіленген өлшемдерге сәйкес шарттасады.

(b) Төлемдер реципиентпен тауарлық ауылшаруашылық өнімін өндіруді үздіксіз және толық тоқтатумен шарттасқан.

10. Ресурстарды пайдалануды тоқтату бойынша бағдарламалар арқылы құрылымдық өзгерістерге себептесу

(a) Мұндай құқықтарға арналған құқықтар жерді пайдалануды немесе тауарлық ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мақсаттары үшін үй малдарын қосқанда, өзге де ресурстарды тоқтатуға бағытталған бағдарламалар шеңберінде нақты белгіленген өлшемдерге сәйкес шарттасады.

(b) Төлемдер ең аз дегенде үш жылға тауарлық ауылшаруашылық өнімін өндіру саласынан жерлерді алып тастауға тәуелді, ал үй малдары жағдайында – оның сою немесе одан тұрақты негізден біржолата құтылуға тәуелді.

(c) Төлемдерді жүзеге асыру үшін тауарлық ауылшаруашылық өнімдерді өндірумен байланысты осындай жерлерді және өзге де ресурстарды нақты қандай да бір альтернативті пайдалану орнатылмайды және талап етілмейді.

(d) Төлемдер өнімнің түрлеріне, санына тәуелді емес, өндірісте қалатын жерлерді немесе өзге де ресурстарды пайдалана отырып, өндірілген өнімдерге қатысты қолданылатын ішкі немесе әлемдік бағаларға тәуелді емес.

11. Инвестицияларды ынталандыру арқылы құрылымдық өзгерістерге себептесу

(a) Мұндай төлемдерге арналған құқықтар объективті түрде дәлелденген құрылымдық шығын салдарынан қаржылық немесе физикалық қайта құрылымдауға көмектесу үшін тағайындалған үкіметтік бағдарламалар шеңберінде нақты белгіленген өлшемдерге сәйкес шарттасады. Мұндай төлемдерге арналған құқықтар ауылшаруашылыққа пайдалы жерлерді денационализациялау бойынша нақты белгіленген үкіметтік бағдарламаға негізделеді.

(b) Мұндай төлемдердің сомасы кез келген нақты жылда төмендегі өлшемдермен көзделгендерді қоспағанда, базалық кезеңнен кейін кез келген жылы аталмыш өндірушімен өндірілген өнімнің (қара мал басын қосқанда) көлемімен немесе түрлерімен анықталмайды және шарттаспайды.

(c) Мұндай төлемдердің сомасы атылмыш кез келген жылы базалық кезеңнен кейін кез келген жылы өндірілген кез келген өнімге қатысты ішкі немесе әлемдік бағалармен анықталмайды және шарттаспайды.

(d) Төлемдер олар тағайындалған инвестицияларды жүзеге асыру үшін қажетті уақыт кезеңінде ғана ұсынылады.

(e) Реципиенттерге төлеу кезінде қандай да бір нақты өнімді өндіруге қатысты талаптарды қоспағанда, қандай ауылшаруашылық өнімдері реципиенттермен өндірілуі тиіс екені ешқандайда көрсетілмейді және жазаланбайды.

(f) Төлемдер құрылымдық зиянды өтеу үшін талап етілетін сомамен шектеледі.

12. Қоршаған ортаны қорғау бойынша төлемдер

(a) Мұндай төлемдерге арналған құқықтар қоршаған ортаны қорғау немесе сақтаудың үкіметтік бағдарламасымен нақты белгіленген БӨЛІМ ретінде реттеледі және шығындар немесе өндірістр әдістеріне жататын шарттарды қосқанда, аталмыш үкіметтік бағдарламамен көзделген, нақты шараларды орындауға байланысты реттеледі.

(b) Төлемдердің сомасы қосымша табыстардың өлшемдерімен шектеледі немесе үкіметтік бағдарламаны орындаумен байланысты табыстың шығындалуымен шектеледі.

13. Өңірлік көмек бағдарламалары бойынша төлемдер

(a) Мұндай төлемдерге арналған құқықтар қолайсыз өңірлердегі өндірушілерге ғана ұсынылады. Әр бір осындай өңір нақты белгіленген аймақты білдіруі тиіс, белгілі бір экономикалық және әкімшілік белгілері болуы керек және заңды немесе нормативтік актіде нақты мазмұндалған және аталмыш өңірдің қияндықтары қарапайым уақытша жағдайларға қарағанда маңызды себептермен туындағаны туралы куәлік ететін бейтарап және объективтік өлшемдер негізінде қолайсыз деп қарастырылуы керек.

(b) Мұндай төлемдердің сомасы атылмыш кез келген жылы базалық кезеңнен кейін, осы өнімді өндіруді қысқартуды қоспағанда, кез келген жылы аталмыш өндірушімен

өндірілген өнімнің көлемдерімен немесе түрлерімен анықталмайды және шарттаспайды.

(с) Мұндай төлемдердің сомасы атылмыш кез келген жылы базалық кезеңнен кейін кез келген жылы өндірілген кез келген өнімге қатысты ішкі немесе әлемдік бағалармен анықталмайды және шарттаспайды.

(d) Төлемдер көмек алуға құқығы бар өңірдегі өндірушілерге ғана ұсынылады, бірақ әдетте осындай өңірлерде барлық өндірушілердің барлығы үшін қол жетімді болып келеді.

(е) Өндіріс факторларымен байланысты төлемдер өндірістің аталмыш факторы бойынша табалдырықтық деңгейден жоғары кертартпа шәкілі бойынша жүзеге асырылады.

(f) Төлемдер белгіленген аумақта ауылшаруашылық өнімдерін жүзеге асырумен байланысты табыстың шығындалуымен немесе қосымша шығындардың өлшемдерімен шектеледі.

3-ҚОСЫМША

ІШКІ ҚОЛДАУ: ҚОЛДАУДЫҢ БІРҚИТІРІЛГЕН КӨРСЕТКІШІНІҢ ЕСЕБІ

1. 6-баптың ережелерін сақтау шарттары кезінде қолдаудың біртұтас көрсеткіші (БҚК) нарықтық бағаларды қолдауды жүргізуге қатысты әр бір негізгі ауылшаруашылық өнімі бойынша азықтық нақтыланған негізінде есептеледі, ерекшеліктерге жатпайтын тікелей төлемдер жүзеге асырылады немесе қысқарту бойынша міндеттемелерден ерекшеліктер болып табылмайтын кез келген өзге де субсидия ұсынылады ("өзгелер, шаралардың ерекшеліктері болып табылмайтын"). Азықтық нақтыланған негізінде емес ұсынылатын қолдау БҚК нақты өнімдерімен жалпы байланысты емес өнімдерімен түйіседі және жиынтық ақшалай мазмұнда көрсетіледі.

2. 1-тармақ шеңберіндегі субсидиялармен бюджеттік шығындар, сондай-ақ үкіметпен және олардың өкілдерімен талап етілмеген табыстар да қамтылады.

3. Ұлттық және субұлттық деңгейдегі қолдау қосылады.

4. Өндірушілермен төленетін нақты ауылшаруашылық салықтары немесе жинақтары БҚК есептеп шығарылады.

5. Төменде мазмұндалғанды ескере отырып есептелген БҚК базалық кезеңге қатысты қолданылады, ішкі қолдауды қысқарту бойынша міндеттерді орындау үшін бастапқы деңгейді білдіреді.

6. Әр бір негізгі ауылшаруашылық өнімі бойынша жиынтық ақшалай нысандағы өзіндік БҚК есептелінеді.

7. БҚК негізгі ауылшаруашылық өнімін алғаш сату бекетіне жақын нақты қол жеткізілетін шамамен есептелінеді. Ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарды қолдау бойынша шаралар негізгі ауылшаруашылық өнімдерін

өндірушілер үшін қандай көлемде жеңілдіктер құратын болса, сондай көлемде енгізіледі.

8. Нарықтық бағаларды қолдау: нарықтық бағаларды қолдау тіркелген сыртқы анықтамалық баға мен реттелетін бағаның әрекет етуіне қатысты өнімдердің санына көбейтілген, қолданылатын реттеуші баға арасындағы айырмашылық негізінде есептеледі. Осы айырмашылықты қолдау үшін жүзеге асырылатын бюджеттік төлемдер сатып алу немесе сақтау бойынша шығындар секілді БҚК қосылмайды.

9. Тіркелген сыртқы анықтамалық баға 1986-1988 жылдардағы бағалар негізінде белгіленеді, әдетте таза салмақты-экспорттаушы елде ауылшаруашылық өнімінің негізгі бірлігінің FOB орта бағасы және базалық кезеңде таза салмақты-импорттаушы елде ауылшаруашылық өнімінің негізгі бірлігінің ҚСФ орта бағасы болып табылады. Тіркелген анықтамалық баға қажет болған жағдайда сапасындағы ерекшеліктерді ескере отырып түзетілуі мүмкін.

10. Ерекшелік болып табылмайтын тікелей төлемдер: бағалардың айырмашылықтарына тәуелді ерекшелік болып табылмайтын тікелей төлемдер тіркелген анықтамалық баға мен оларға қатысты реттеуші бағаның әрекет етуі көзделген немесе бюджет шығындарын пайдалану көзделген өнімнің санына көбейтілген қолданылатын реттеуші баға арасындағы айырмашылықты пайдалана отырып есептелінеді.

11. Тіркелген анықтамалық баға 1986-1988 жылдардағы бағалар негізінде белгіленеді, әдетте төлемдер нормаларын анықтау барысында қолданылатын қолданыстағы баға болып табылады.

12. Негізінде бағалық және өзге де факторлар бар ерекшелік болып табылмайтын тікелей төлемдер бюджеттік шығындарды пайдалану бойынша бағаланады.

13. Өзге де ерекшелік болып табылмайтын шаралар, шығындарды субсидиялауды және өзге де шараларды қосқанда, яғни жүгіну секілді ұсталымдарын азайту бойынша шаралар: мұндай шаралардың құны үкіметтік бюджеттік шығындарды пайдалану бойынша бағаланады немесе бюджеттік шығындарды пайдалану аталмыш субсидияның мөлшерін толық көлемде көрсетпеген жағдайда, субсидияны есептеу үшін негіз болып субсидияланатын өнімнің бағасы мен өнімдер мен қызметтердің санына көбейтілген осыған ұқсас өнімдердің немесе қызметтердің репрезентаттық нарықтық бағасы арасындағы айырмашылық болып табылады.

4-ҚОСЫМША

ІШКІ ҚОЛДАУ: ҚОЛДАУДЫҢ БАЛАМА КӨРСЕТКІШІНІҢ ЕСЕБІ

1. 6-баптың ережелерін сақтау барысында қолдаудың балама көрсеткіші 3-Қосымшада белгіленгендей, нарықтық бағаларды қолдауды жүргізуге қатысты барлық негізгі ауылшаруашылық өнімдеріне қатысты есептелінеді, бірақ олар үшін осы БҚК компонентінің есебін жүзеге асыру мүмкін емес. Ішкі қолдауды қысқарту бойынша

міндеттерді орындау үшін осындай өнімдерге қатысты бастапқы деңгейді қолдану төмендегі 2-тармаққа сәйкес, қолдаудың балама көрсеткіші түрінде мазмұндалған нарықтық бағаны қолдау компонентерінен тұрады, сондай-ақ төмендегі 3-тармаққа сәйкес бағаланатын сондай-ақ ерекшелік болып табылмайтын тікелей төлемдерден және өзге ерекшелік болып табылмайтын қолдаудан тұрады. Қолдау ұлттық және субұлттық деңгейде қосылады.

2. 1-тармақпен көзделген қолдаудың балама көрсеткіші БҚК нарықтық бағаны қолдау компоненттерін есептеу мүмкін емес және нарықтық бағаларды қолдауды жүргізуге қатысты барлық негізгі ауылшаруашылық өнімдері бойынша алғашқы сату бекетіне азықтық нақтыланған аса қол жетімді шамада негізінде есептелінеді. Мұндай негізгі ауылшаруашылық өнімдеріне қатысты нарықтық бағаны қолдаудың балама көрсеткіштерін қолдану қолданылатын реттеуші бағаны пайдалану арқылы жүзеге асырылады және осы бағаның әрекет етуі көзделген өнімнің санына қатысты немсе бұл мүмкін болмаған жағдайда өндірушілердің бағаларын қолдауға бағытталған бюджеттік шығындарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

3. 1-тармақтың әрекетіне жататын негізі ауылшаруашылық өнімдері не тікелей төлемдерге немесе, қысқарту бойынша міндеттемелерден босату құралы болып табылмайтын кез келген өзгеде нақты өнімге арналған субсидияға қолданылатын болса , осы шараларға сәйкес қолдаудың балама көрсеткіштеріне қатысты негізі ретінде БҚК тиісті компонентері үшін қолданылатын есептердің тәсілдері алынады (3-Қосымшаның 10-13 тармақтарында көрсетілген).

4. Қолдаудың балама көрсеткіші тиісінше негізгі ауылшаруашылық өнімін алғышқы сату бекетіне қатысты аса қол жетімді шамамен субсидия сомасы негізінде есептелінеді . Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарды қолдау бойынша шаралар негізгі ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін қандай көлемде жеңілдіктерді құрса, дәл сондай көлемде енгізіледі. Өндірушілермен төленетін нақты ауылшаруашылық төлемдері немесе жинақтар тиісті сомаға қолдаудың балама көрсеткішін қысқартады.

5-ҚОСЫМША

4-БАПТЫҢ 2-ТАРМАҒЫНА ҚАТЫСТЫ АРНАЙЫ ТӘРТІП

А-Бөлімі

1. 4-баптың 2-тармағының ережелері мынадай шарттары сақталатын (әрі қарай "арнайы тәртіп" деп аталатын) одан өңделген және/немесе пайдалануға дайын (" белгіленген өнімдер") өнімдерге және кез келген шикі ауылшаруашылық өнімдеріне қатысты ДСҰ бойынша Келісімнің күшіне енуімен қолданылмайды:

(а) белгіленген өнімдердің импорты 1986-1988 жылдары ("базалық кезең") базалық кезеңде тиісінше ішкі тұтынудың кемінде 3 пайызын құрады ;

(b) белгіленген өнімдер бойынша ешқандай да экспорттық субсидиялар базалық кезеңнің басынан бастап ұсынылмайды;

(c) шикі ауылшаруашылық өнімдеріне өндірісті шектеу бойынша әрекетті шаралар қолданылады;

(d) мұндай өнімдер азықтық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау секілді, бейсаудалық сипаттағы факторларды білдіретін арнайы тәртіптің әрекеттеріне жататын Марракеш хаттамасына ұсынылатын, мүшелік Тізімнің I-тарауы -B бөлігінің " ST-Annex 5" таңбасымен белгіленеді; және

(e) белгіленген өнімдерге қатысты қол жетімділіктің ең төмен мүмкіндіктері мүшелік Тізіміндегі I-бөлімнің I-B тарауында көрсетілгендей, жүзеге асыру кезеңінің алғашқы жылынан бастап базалық кезеңде белгіленген өнімдерді ішкі тұтынудың 4 пайызына сәйкес келеді және одан әрі жүзеге асыру кезеңінің қалған бөлігі ішінде ішкі тұтынудың тиісті 0,8 пайызына артады.

2. Жүзеге асыру кезеңінің кез келген жылының басында мүше 6-тармақты ережелері негізінде белгіленген өнімдерге қатысты арнайы тәртіпті қолдануды тоқтатуы мүмкін. Мұндай жағдайда аталмыш мүше сол сәтте иеленген нарыққа арналған қол жетімділікке қатысты ең төмен мүмкіндіктерін сақтайды және қол жетімділіктің осындай ең төмен мүмкіндіктерін жүзеге асыру кезеңінің қалған бөлігі ішінде жылсайын базалық кезеңде ішкі тұтынудың тиісті 0,4 пайызына арттырады. Әрі қарай жүзеге асырудың қорытынды жылында қол жеткізілген осы формуладан туындайтын нарыққа қол жеткізудің ең төмен мүмкіндіктерінің деңгейі аталмыш мүшенің Тізімінде сақталады.

3. 1-тармақта мазмұндалған арнайы тәртіпті ұзарту мүмкіндігі туралы мәселе бойынша кез келген келіссөздер жүзеге асыру кезеңі аяқталғаннан кейін, бейсаудалық сипаттағы факторларды ескере отырып, осы Келісімнің 20-бабы бойынша жүргізілетін келіссөздер шеңберінде жүзеге асыру кезеңінің ішінде аяқталады.

4. Егер 3-тармақта көрсетілген келіссөздер нәтижесінде мүше осындай арнайы тәртіпті қолдануды жалғастыратын болады деген келісімге қол жеткізілсе, мұндай мүше осындай келіссөздер барысында белгіленген қолайлы және қосымша басқаға берулерді ұсынады.

5. Егер арнайы тәртіп жүзеге асыру кезеңінің соңында ұзартылмаса, аталмыш мүше 6-тармақтың ережелерін қолданады. Бұл жағдайда жүзеге асыру кезеңі аяқталғаннан кейін белгіленген өнімдер үшін нарыққы қол жетімділіктің ең төмен мүмкіндіктері базалық кезеңнің ішкі тұтынудың тиісті 8 пайызды деңгейінде аталмыш мүшенің Тізімінде сақталады.

6. Белгіленген өнімдерге қатысты пайдаланылатын, әдеттегі кедендік баждарды қоспағанда, шекаралық шаралар 4-баптың 2-тармағының ережелерімен реттеледі, олар жылдың басынан бастап әрекет етеді, онда арнайы тәртіпті қолдану тоқтатылады. Мұндай өнімдер қарапайым кедендік баждарды салу құралы болып табылады, олар

тиісті мүшенің Тізімінде байланады және арнайы тәртіптің әрекеті тоқтатылатын жылдың басынан бастап қолданылады және әрі қарай олар үшін қысқарту жағдайында қолданылуы мүмкін осындай ставкалар белгіленеді, кем дегенде жүзеге асыру кезеңінің ішінде жылдық теңдей төмендетулер нәтижесінде 15 пайызға белгіленеді. Бұл баждар осы қосымшаға қатысты толықтыруларды қамтитын, басшылық нұсқауларына сәйкес есептелінетін тарифті баламалар негізінде белгіленеді.

В-Бөлімі

7. Сондай-ақ 4-баптың 2-тармағының ережелері дамушы мүше-елдің дістүрлі тағамының негізгі өнімі болып табылатын және 1 (a) - (d) тармақтарында көрсетілген, яғни олар сондай көлемде аталмыш өнімдерге қолданылатын, толықтыру ретінд мынадай шарттарды сақтауға қатысты кез келген шикі ауылшаруашылық өніміне қатысты ДСҰ бойынша Келісімнің күшіне енуімен қолданылмайды:

(a) аталмыш дамушы мүше-елдің Тізіміндегі I бөлімнің I-V тарауында көрсетілген белгіленген өнімдерге қатысты нарыққа қол жетімділіктің ең төмен мүмкіндіктері жүзеге асыру кезеңінің алғышқы жылынан бастап базалық кезеңнің аталмыш өнімдерін ішкі тұтынудың 1 пайызына сәйкес келеді және жүзеге асыру кезеңінің бесінші жылының басында базалық кезеңде ішкі тұтынудың тиісті 2 пайызына дейін жылсайынғы теңдей үлеспен артады. Жүзеге асыру кезеңінің алтыншы жылының басынан бастап осы екі өнімге қатысты нарыққа қол жетімділіктің ең төмен мүмкіндіктері базалық кезеңнің тиісінше ішкі тұтынуының 2 пайызын құрайды және оныншы жылдың басынан бастап базалық кезеңде ішкі тұтынудың тиісті 4 пайызына дейін жылсайынғы теңдей үлеспен артады. Әрі қарай жүзеге асырудың қоыртынды жылында қол жеткізілген осы формуладан туындайтын, оныншы жылда қол жеткізілген нарыққа қол жеткізудің ең төмен мүмкіндіктерінің деңгейі аталмыш дамушы мүше-елдің Тізімінде сақталады;

(b) нарыққа қол жетімділіктің тиісті мүмкіндіктері осы Келісімге сәйкес өзге қнімдерге қатысты ұсынылған болатын.

8. 7-тармақта мазмұндалған арнайы тәртіпті ұзарту мүмкіндігі туралы мәселе бойынша кез келген келіссөздер оныншы жыл аяқталғаннан кейін, жүзеге асыру кезеңінен бастап басталады және жүзеге асыру кезеңінің басынан бастап оныншы жылдың ішінде аяқталады.

9. Егер 8-тармақта көрсетілген келіссөздер нәтижесінде мүше осындай арнайы тәртіпті қолдануды жалғастыратын болады деген келісімге қол жеткізілсе, мұндай мүше осындай келіссөздер барысында белгіленген қолайлы және қосымша басқаға берулерді ұсынады.

10. Егер 7-тармақпен көзделген арнайы тәртіп жүзеге асыру кезеңінің басынан бастап оныншы жылдан кейін ұзыртылмаса, аталмыш өнімдер осы Қосымшаға қатысты толықтыруларды қамтитын, басшылық нұсқауларына сәйкес есептелінетін тарифті баламалар негізінде қарапайым кедендік баждарды салудың құралы болып табылады

және тиісті мүшенің тізімінде байланады. 6-тармақтың өзге ережелеріне қатысты осы Келісімге сәйкес дамушы мүше-елдермен ұсынылған арнайы және сараланған тәртіптермен шарттасқан өзгерістерді ескере отырып қолданылады.

5-Қосымшаға қосымша

Осы Қосымшаның 6 және 10 тармақтарында көрсетілген нақты мақсаттар үшін тарифтік эквиваленттерді есептеу бойынша басшылық нұсқаулар

1. Адвалорлық немесе арнайы мөлшерлемелер нысанында байқалған тарифтік эквиваленттерді есептеу сыртқы және ішкі бағалар арасындағы нақты айырмашылықты пайдалана отырып, транспарентті негізде жүргізіледі. Есептеу кезінде 1986-1988 жылдардағы деректер пайдаланылады. Тарифтік баламалар:

(a) негізінен төрт белгі деңгейінде белгіленеді (ГС);

(b) қажеттілігіне қарай алты немесе одан да көп белгілер деңгейінде белгіленеді ГС;

(c) әдетте, қазіргі таңда өндірісті қорғауды қамтамасыз ететін, кез келген қосымша элементтерді қажеттілігіне қарай ескере отырып және тұтынуға дайын және/немесе қайта өңделген өнімдерде аталмыш ауылшаруашылық өнімін (өнімдерін) жағдайлар бойынша, құндылық немесе физикалық мазмұндағы үлеске (үлестерге) қатысты шикі ауылшаруашылық өнімдері үшін нақты тарифтік эквивалентті (эквиваленттерді) көбейту арқылы тұтынуға дайын және/немесе қайта өңделген өнімдер үшін белгіленеді.

2. Сыртқы бағалар үшін, әдетте импорттаушы ел үшін өнім бірлігінің ҚСФ қолданыстағы орта бағасы қабылданады. Өнім бірлігінің ҚСФ орта бағасы белгісіз болған жағдайда немесе сәйкес келмеген жағдайда, сыртқы бағалар үшін мыналар қолданылады:

(a) немесе жақын елдің ҚСФ тиісті орта бағасы;

(b) немесе сақтандыру бойынша жүктер және импорттаушы елде жеткізу бойынша өзге де тиісті шығындар бойынша шығындарды бағалауды қосу арқылы түзетілген, бас экспорттаушы (экспорттаушылар) ФОб орта бағасын бағалау.

3. сыртқы бағалар әдетте баға туралы деректер қамтылатын сол кезең ішінде орты жылдық нарықтық айырбастау курсы пайдалана отырып, ұлттық валютада конверсияланады.

4. Ішкі баға үшін әдетте, осы бағаның бағасымен дәлме-дәл келетін деректер болмаған жағдайда, ұлттық нарықты үстемдік ететін репрезентативті көтерме баға қабылданады.

5. Алғашқы тарифтік баламалар қажеттілігіне қарай сорты мен сапасының айырмашылығын ескере отырып, тиісті коэффициенттің көмегімен түзетілуі мүмкін.

6. Егер басшылық нұсқаулар деректері негізінде алынған тарифтік эквиваленттері теріс немесе ағымдағы байланған мөлшерлемемен салыстырғанда ең төмен мәні болса, онда алғашы тарифтік эквивалент қолданыстағы байланған мөлшерлеме негізінде немесе аталмыш өнімге қатысты ұлттық ұсыныстар негізінде белгіленуі мүмкін.

7. Басшылық нұсқаулар деректері негізінде алынған тарифтік эквивалент деңгейін түзеткен жағдайда тиісті мүше сұрау бойынша тиісті шешімдерді келісу мақсатымен кеңестер үшін барлық мүмкіндіктерді ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ